КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 23 сәуір №1912-26-00-2/795 Қонаев қаласы
Алматы облысы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья Б.А.Қожахметов,
сот отырысын хатшысы Д.Даниярқызын ала отырып, ашық сот отырысында қойылған талаптар бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «99295 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Адилгереева» атынан әрекет ететін Адилгереева Гаухар Сулейменовна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСУШЫЛАР:
прокурор Уразбаев Н.
талап қоюшының өкілі Султанбек Д.
жауапкердің өкілі Бурумбаев Т.
аудармашы Садвакасова Ж.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2026 жылғы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасының қорғаныс Министрлігінің «99295 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі- Макеме, тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер «Адилгереева» атынан әрекет ететін Адилгереева Гаухар Сулейменовна (бұдан әрі – Кәсіпкер, өнім беруші*)* арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №030540008018/260043/00 шарт (әрі қарай – №43 Шарт) жасалынған. Шарттың жалпы сомасы 100 566 тенгені құрайды.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

№43 Шарт бойынша Өнім беруші келісім шарт күшіне енген күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде киімді тазартуға арналған 453 дана щетка жеткізуге тиіс болған, яғни 2026 жылғы 29 наурызға дейін.

Алайда, Кәсіпкер өзіне алған міндеттемені орындамаған, тауарды жеткізбеген.

Сонымен қатар, 2026 жылғы 28 қаңтарда тараптар арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №030540008018/260051/00 шарт (әрі қарай – №51 Шарт) жасалынған. Шарттың жалпы сомасы 6 262 664.40 тенгені құрайды.

№51 Шарт бойынша Өнім беруші келісім шарт күшіне енген күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде 1880680 миллилитр қара түсті аяқ киім майын жеткізуге тиіс болған, яғни 2026 жылғы 29 наурызға дейін.

Алайда, Кәсіпкер өзіне алған міндеттемені орындамаған, тауарды жеткізбеген.

2026 жылғы 01 сәуірде жауапкер өзіне алған міндеттемелерді орындамағандықтан Шарттар Тапсырыс берушімен біржақты бұзылған.

Мекеме жоғарыда аталған талап қоюмен сотқа жүгініп, арызда Өнім беруші Шарттар бойынша алған міндеттемелерді орындамағаны үшін, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды, одан 209 987 теңге көлемде тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Жауапкер пікірінде Шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орынау үшін Кәсіпкер 2026 жылғы 02 ақпанда «AniSun Trade» ЖШС-мен жеткізу туралы келісім шарт жасап, оның шеңберінде жеткізілетін тауарлар үшін төлем жасалынғанын көрсеткен. Алайда, аталған тұлға шарт бойынша өзіне алған міндеттемені орындамағандықтан, Тапсырыс берушіге тауарлар жеткізілмеген. Талап қоюшының мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабын қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Сот отырысына талап қоюшының өкілі талап қоюды толығымен қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілі сот отырысында Шарт бойынша алған міндеттемені орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбын төлеуге дайын екендігін, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талапты қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Прокурор талап қою қанағаттандыруға жатады деген қорытынды жасады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі- АК) 272-ші бабына сай, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар

Құжатқа қол қойылған: Кожахметов Б. А., 23.04.2026

Заңды күшіне енген күні: 25.05.2026, судья Кожахметов Б. А., 01.06.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Сондай-ақ, АК-тің 277-ші бабының 1-ші бөлігіне сай, егер міндеттемеде ол орындалатын күні немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 8 бабы 4 тармағы 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Іс құжаттарына сәйкес, Кәсіпкер Мекемемен Шарттар жасасып, 2026 жылғы 29 наурызға дейін киімді тазартуға арналған 453 дана щетка және 1880680 миллилитр қара түсті аяқ киім майын жеткізуге тиіс болған.

Алайда, Кәсіпкер Шарттар бойынша өзіне алған міндеттемелерді орындамаған, тауарлар жеткізілмеген.

Заңның 8 бабы 4 тармағының талаптары бойынша, өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілерді тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы тарапынан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы ретінде тану туралы талап қоюы Заңның талабына сәйкес және белгіленген уақытта берілген.

Сотпен анықталғандай, Өнім берушінің Шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамауы Тапсырыс берушіні шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырған, бұл жағымсыз салдарларға алып келген.

Істің мұндай тұрғысында, сот дәлелдемелердің жиынтығын бағалай келе, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға ала отырып, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы Мекеменің талабын заңды және негізді деп табады, сондықтан қанағаттандыруға жатады.

№2 талап бойынша

Заңының 17 бабы 9 тармағына сәйкес, өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алуды қамтамасыз етеді.

Шарттардың 7.3-тармағына сәйкес тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара

Құжатқа қол қойылған: Кожахметов Б. А., 23.04.2026

Заңды күшіне енген күні: 25.05.2026, судья Кожахметов Б. А., 01.06.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 15 %-ынан аспауға тиіс.

Талап қоюшы жауапкерден Шарттар бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамағаны үшін 209 987 теңге көлемінде тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкермен Шарттар бойынша алған міндеттемелер орындалмаған. Сол себептен талап қоюшының 209 987 теңге көлемінде тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағатандыруға жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі -АПК) 117-шы бабының 1-ші бөлігіне сай, жауапкерден мемлекет пайдасына 8463 тенге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарының талаптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «99295 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Адилгереева» атынан әрекет ететін Гаухар Сулейменовна Адилгереевaға қатысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы толықтай қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Адилгереева» атынан әрекет ететін Адилгереева Гаухар Сулейменовна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Адилгереева» атынан әрекет ететін Гаухар Сулейменовна Адилгереевадан мемлекет пайдасына 209 987 (екі жүз тоғыз мың тоғыз жүз сексен жеті) теңге тұрақсыздық айыбы, 8463 (сегіз мың төрт жүз алпыс үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге риза болмаған жағдайда тараптар Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде тараптармен апелляциялық шағым немесе прокурормен апелляциялық өтінішхат берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде шағым беруі мүмкін.

Құжатқа қол қойылған: Кожахметов Б. А., 23.04.2026

Заңды күшіне енген күні: 25.05.2026, судья Кожахметов Б. А., 01.06.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Судья **Қожахметов Б.А.**

Құжатқа қол қойылған: Кожахметов Б. А., 23.04.2026

Заңды күшіне енген күні: 25.05.2026, судья Кожахметов Б. А., 01.06.2026

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
- Судопроизводство -